

**Білім беру ұйымдарындағы қызметті қоспағанда, дене шынықтыру-сауықтыру, спорттық қызметтер көрсететін заңды және жеке тұлғаларды тексеру жөніндегі тексеру парағының нысанын бекіту туралы**

*Құшiн жойған*

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрінің 2010 жылғы 3 наурыздағы № 01-01-07/35 және Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2010 жылғы 10 наурыздағы № 128 Бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 2 сәуірде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6147 болып енгізілді. 2011 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болады

**Ескерту. Бұйрық 2011.01.01 дейін қолданыста болады (5-тармақты қараңыз).**

«Жеке кәсіпкерлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 38-бабының 1-тармағына және «Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабының 27) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Қоса беріліп отырған Білім беру ұйымдарындағы қызметті қоспағанда, дене шынықтыру-сауықтыру, спорттық қызметтер көрсететін заңды және жеке тұлғаларды тексеру жөніндегі тексеру парағының нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Спорт комитеті (А. Қ. Құлназаров):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналасуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Туризм және спорт вице-министрі Т.А. Ермагияевке жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

5. Осы бұйрық ресми жарияланған бірінші күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2011 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болады.

*Қазақстан Республикасының*

*Туризм және спорт министрі*

\_\_\_\_\_ Т. Досмұхамбетов

*Қазақстан Республикасының*

*Экономика және бюджеттік*

*жоспарлау министрі*

\_\_\_\_\_ Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы  
Туризм және спорт министрінің  
2010 жылғы 3 наурыздағы  
№ 01 - 01 - 07 / 35 және  
Қазақстан Республикасы  
Экономика және бюджеттік  
жоспарлау министрінің  
2010 жылғы 10 наурыздағы  
№ 128 бірлескен бұйрығымен  
бекітілген  
нысан

**Білім беру ұйымдарындағы қызметті қоспағанда, дене  
шынықтыру-сауықтыру, спорттық қызметтер көрсететін заңды және жеке  
тұлғаларды тексеру жөніндегі тексеру парағы**

Тексерісті белгілеген уәкілетті немесе  
жергілікті атқарушы орган \_\_\_\_\_

Нұсқама \_\_\_\_\_

(№, күні)

Жеке тұлғаның Т. А. Ә. немесе  
заңды тұлғаның атауы \_\_\_\_\_

СТН (ЖСН, БСН) \_\_\_\_\_

Жеке кәсіпкердің мемлекеттік тіркелгені туралы куәлігі (жеке тұлғалар үшін),  
заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгені (қайта тіркелгені) туралы куәлігі (заңды  
тұлғалар үшін) \_\_\_\_\_

Орналасқан орнының мекенжайы \_\_\_\_\_

| р/с № | Талаптар                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     | болуы/болмағаны | Ескерту |
|-------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------|---------|
| 1.    | Спорт ғимараттарын пайдаланудың сенімділігі бөлігінде, беріктілігіне техникалық тексеру актісінің болуы                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                 |         |
| 2.    | Спорт ғимаратының санитарлық-гигиеналық және өртке қарсы нормалар мен талаптарға сәйкестігі туралы қорытындының болуы                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                 |         |
| 3.    | 1) заңды тұлғалар үшін – «дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша жоғары кәсіптік немесе орта кәсіптік білімі бар жаттықтырушы-оқытушылар құрамының болуы;<br>2) жеке тұлғалар үшін – «дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша жоғары немесе орта кәсіптік білімінің немесе «дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша жоғары немесе орта кәсіптік білімі бар қызметкермен еңбек шартының болуы |                 |         |
| 4.    | Тұрақты білікті медициналық қызметтің болуы                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                 |         |

|    |                                                                                                                           |  |  |
|----|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|
| 5. | Спорт мүкәммалдары мен жабдыктарының болуы                                                                                |  |  |
| 6. | Шұғылданушылардың сандық құрамының жоспарлы-есептік көрсеткіштері және спорт ғимаратының тәуліктік жұмыс тәртібінің болуы |  |  |
| 7. | Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға спорт ғимараттарына барулары үшін қол жетімділігі                                          |  |  |

**Лауазымды тұлғалар**

( л а у а з ы м )

( қ о л ы )

(лауазым)

(қолы)

**Жеке немесе заңды тұлға**

(Т.А.Ә., лауазым)

(қолы)